

Облыста негізгі азық-түлік товарларына бағаларды тұрақтандырудың 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 51/12 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 24 маусымда N 3037 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған облыста негізгі азық-түлік товарларына бағаларды тұрақтандырудың 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) - б е к і т і л с і н .

2. Облыс қаржы департаменті Жоспардың дер кезінде қаржыландыруын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті 2006 жылдың 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Жоспардың орындалуы туралы ақпарат ұ с ы н а т ы н б о л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар мәслихатының экономика және бюджет мәселелері тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Г. Досжанова

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облысы мәслихатының
III сайланған XII сессия
2005 жылғы 30 мамырдағы
"Облыста негізгі азық
- түлік товарларына бағаларды
тұрақтандырудың 2004-2005
жылдарға арналған бағдарламасын
іске асыру жөніндегі 2005 жылға

арналған іс-шаралар жоспары туралы"

№ 51/12 шешіміне қосымша

Облыста негізгі азық-түлік товарларына бағаларды тұрақтандырудың 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары

N р/с	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар (іске асы- руға)	Орын- далу мерзі мі (іске асы- ру)	Бол- жамды шығын дар (млн тең- ге)	Қаржы- ландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1. Тағам өнеркәсібінің шикізат базасын дамыту						
1.	Екінші деңгейлі банктермен бірге қаржыландыру бағдарламасы есебінен жаңа ауылшаруашылық өндірістерін ашу және жұмыс істеп тұрғандарын дамытуды қамтамасыз ету, соның ішінде: Успен ауданының Галицк ауылында диірмен кешені және кондитер цехы; Успен ауылында ірі бұйымдарды өндіру жөніндегі қайта құрылған цех; Качиры ауылында диірмен және наубайхана кешені; Павлодар ауданының Мичурин ауылында сүтті қайта өңдеу цехы	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс ауыл шаруашылығы департаменті	2005 жыл	242,0	"Ауылшаруашылық товар өндірушілерін кредиттеу" 10.1.25 5.003 бюджеттік бағдарламасы бойынша
2.	"Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының	Облыс әкіміне ақпарат	қалалар мен аудандар әкімдері, облыс ауыл	2005 жыл	Қаржыландыру талап	

	(келісім бойынша) қатысуымен жұмыс істеп тұрған дайындау пункттерінің жаңғыруын жүргізу, соның ішінде Ильичевка, Ольгино, Лозовое, Мичурин, Ленинск, Достық, Ақтоғай ауылдарындағы дайындау пункттерінде сүт салқындатқыштарын орнатуды қамтамасыз ету		шаруашылығы департаменті, "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы		етілмейді	
3.	Қысқы кезеңде қала тұрғындарының тиісті тұтыну деңгейінен төмен емес көлемде картоп пен көкөністерді орталықтандырылған сақтауды қамтамасыз ету: картоп - 9,2 мың тонна; көкөніс - 4,5 мың тонна; қалалар базарларында картоп пен көкөністерді тұрақты бағамен сату тетігін әзірлеу	Облыс әкіміне ақпарат	Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалаларының әкімдері, Облыс ауыл шаруашылығы департаменті қалалар әкімдері	2005 жылдың 3,4-тоқсаны	30,0	"Ауыл шаруашылық товар өндірушілерін кредиттеу" 10.1.25 5.003 бюджеттік бағдарламасы бойынша
4.	Облыс көкөніс өндіру шаруашылықтарына көкөніс сақтау құрылысын салуға (қайта құруға) жәрдемдесу, соның ішінде Ақсу қаласы ауылдық аймағының Парамоновк және Үштерек ауылдарында	Облыс әкіміне ақпарат	Қалалар мен аудандар әкімдері	Жыл бойы	Қаржыландыру талап етілмейді	

2. Отандық товар өндірушілерді қолдау, тиімді маркетинг ұйымдастыруға жәрдемдесу, өнімнің бағасы мен сапасы бойынша бәсекеге қабілеттілігін көтеру

5.	Азық-түлік товарларының негізгі түрлері өндірісінің жылдық өсу қарқынын облыстың әлеуметтік экономикалық дамуының индикативті жоспары көрсеткіштерінен төмен емес қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы департаменттері, қалалар мен аудандар әкімдері	2005 жыл	Қаржыландыру талап етілмейді	
6.	Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу саласындағы түйінді мәселелерді БАҚ арқылы жариялауды қамтамасыз ету	БАҚ-қа ақпараттар беру	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы департаменттері	2005 жыл	0,05	"Кәсіпкерлік қызметті қолдау" 13.265.003 бюджеттік бағдарламасы бойынша облыстық бюджет қаражаты
7.	Облыс кәсіпкерлеріне республикалық және өңіраралық көрмежәрмеңкелерге, бизнес-кездесулерге қатысуға жәрдемдесу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы департаменттері	2005 жыл	0,2	"Кәсіпкерлік қызметті қолдау" 13.265.003 бюджеттік бағдарламасы бойынша облыстық бюджет қаражаты

8.	"Қазақстанның үздік товарлары", "Қазақстанның үздік базарлары" атты республикалық конкурстың өңірлік кезеңдерін өткізу; облыс кәсіпкерлерінің "Қазақстанның үздік товарлары", "Қазақстанның үздік базарлары" атты республикалық конкурсқа қатысуына жәрдемдесу	Облыс әкіміне конкурс өткізу туралы ақпарат	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	2005 жылдың 3-4 тоқсандары	0,3	"Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру" 13.265.007 бюджеттік бағдарламасы бойынша облыстық бюджет қаражаты
3. Жұмыс істеп тұрған базарларда бәсекелестік ортаны қалыптастыру, ауылшаруашылық өнімдерін сату үшін жағдайлар жасау						
9.	Облыс базарларында ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілеріне сауда орындарын жеңілдікпен беру арқылы ауылшаруашылық жәрмеңкелерін өткізу	Облыс әкіміне жәрмеңкелер өткізілгені туралы ақпарат	Облыс ауыл шаруашылығы департаменті, қалалар мен аудандар әкімдері, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармасы (келісім бойынша)	2005 жыл	Қаржыландыру талап етілмейді	
10.	Жұмыс істеп тұрған коммуналдық базарларды ауылшаруашылығы өнімдерін сатып алу және дайындау пункттерін ашу	Облыс әкіміне ақпарат	Қалалар мен аудандар әкімдері	2005 жыл	Қаржыландыру талап етілмейді	
11.	Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары	Жеткізу шарттары	Қалалар әкімдері	2005 жыл 2-тоқсан	Қаржыландыру талап	

	кәсіпкерлерінің арасында бекітілген шарттар негізінде жеміс-көкөніс өнімдерін тікелей жеткізуді қамтамасыз ету; әкелген өнімдерді коммуналдық базарларда сатуды ұйымдастыру				етіл-мейді	
12.	37 маусымдық коммуналдық шағын базарлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, соның ішінде: Павлодар қаласы - 19 Екібастұз қаласы - 14 Ақсу қаласы - 4		Қалалар әкімдері	2005 жылдың 2,3-тоқсанында	Қаржыландыру талап етілмейді	

4. Облыстың тұтыну рыногындағы жағдайға мониторинг жүргізу және талдау

13.	Маңызды азық-түлік товарлар бағасына жүйелі мониторинг жүргізу	Облыс әкіміне базардағы баға жағдайы туралы ақпарат	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қалалар мен аудандар әкімдері	Апта сайын	Қаржыландыру талап етілмейді	
14.	Облыс базарларындағы баға жағдайының болжамын әзірлеу	Базардағы баға жағдайының болжамы, облыс әкіміне ақпарат	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп, табиғи монополиялардың қызметін реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменттері, қала-	2005 жыл	Қаржыландыру	

			лар мен аудандар әкімдері		талап етілмейді	
15.	Бағалық бәтуалар жөніндегі келісілген әрекеттерді анықтау үшін товарлар базарларына зерттеулер жүргізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс табиғи монополиялардың қызметін реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті	2005 жыл	Қаржыландыру талап етілмейді	
16.	Негізгі азық-түлік товарларына бағаның негізсіз өсуін алдын алу жөніндегі іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмыс топтарын құру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі (қаржы полициясы) (келісім бойынша), табиғи монополиялардың қызметін реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменттері	2005 жыл 2-тоқсан	Қаржыландыру талап етілмейді	
17.	Ақсу мен Екібастұз қалаларында аумақтық монополистердің товарлары мен қызмет көрсетулеріне бағаның негізсіз өсуін алдын алу жөніндегі секциялармен бірге сараптамалық кеңес құру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс табиғи монополиялардың қызметін реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті	2005 жыл 2-тоқсан	Қаржыландыру талап етілмейді	